



Қор Туралы

Тұрақты даму және
esg саласындағы
стратегиялық тәсіл

● **Қордың елдің әл-
ауқатына қосқан үлесі**

Біз қалай жұмыс
істейміз

Біздің адамдар

Таза қоршаған ортаға
инвестиция саламыз

Корпоративтік
басқару

Қосымшалар

Мемлекеттік кәсіпорын бола отырып, біз Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген түрлі салықтар мен алымдарды төлейміз. 2024 жылы біз 2 086 млрд теңге сомасына салық төледік, бұл мемлекеттік бюджетке түсетін барлық салық түсімдерінің шамамен 17%-ын құрайды.

ҚР мемлекетіне төлемдер, млрд теңге

Атауы	2021	2022	2023	2024
Дивидендтер	88	174	1 269 ²¹	737
Акционерге өзге де бөлу	68	132	133	568
ҚР бюджетіне төленген салықтар	1 167	1 696	1 993	2 086
Өзгелері	0,6	0,1	67	50
Жиыны	1 324	1 999	3 461	3 441

Қор салық төлеу мәселелерінде мөлдірлік пен ашықтықты арттыруда. 2024 жылдан бастап Топ жұмыс істейтін бірқатар елдерде салық базасының әлсіреуін болдырмауға бағытталған шаралардың халықаралық кешені болып табылатын Pillar Two ережелері күшіне енді. Осы ереже Қордың барлық Тобына қолданылады.

Қор осы ережені енгізу мәртебесін қадағалауға белсенді тартылған, талап етілетін есептеулерді жүргізеді және тиісінше есеп дайындайды. Бұл үдерісте жаңа талаптарға сәйкестікті қамтамасыз етуде Салық салу секторы маңызды рөл атқарады.

GRI 3-3 Біз Pillar Two ережелеріне байланысты жауапкершіліктің жоғары деңгейін түсінеміз және және оларды тиісінше орындау үшін бар күшімізді саламыз.



²¹ 2022 жылдың қорытындысы бойынша төлемдерден басқа, 2023 жылдың қазан-қараша айлары аралығында Қор 2023 жылғы 20 қазандағы Үкімет қаулысына сәйкес Акционерге 2021 жылғы бөлінбеген пайдадан 1 026,7 млрд теңге мөлшерінде дивиденд төледі.

²² ЖТС есебінсіз.

Экономика мен қоғамның дамуына инвестициялар

**GRI 3-3
GRI 203-1
GRI 203-2**

Біздің инвестициялық портфеліміз экономиканың түрлі секторларында 53 трлн теңгеге 130-ға жуық жобаны қамтиды. Бұл инфрақұрылымды дамытуға, энергия тиімділігін арттыруға, инновациялар мен технологияларды қолдауға, сондай-ақ Қазақстанның ұзақ мерзімді тұрақты өсуіне ықпал ететін әлеуметтік саланы дамытуға бағытталған жобалар.

Біздің басымдығымыз - елдің инфрақұрылымдық және әлеуметтік дамуына инвестиция салу. Жеке бизнес жобаларды өз бетінше жүзеге асыру үшін кедергілермен бетпе-бет келетін секторларда біз бірлескен инвестор рөлін атқарамыз. Инвестициялық тәуекелдерді бөлісе отырып, біз стратегиялық маңызы бар бастамаларды кешенді қолдауды қамтамасыз ете отырып, мемлекеттік органдармен тиімді өзара іс-қимылға ықпал етеміз.

Біздің инвестициялық жобаларымыз біз қызметімізді жүзеге асыратын өңірлерде маңызды орынға ие:

- әлеуметтік пайда: жұмыс орындарын құру, өмір сүру сапасын арттыру;
- экономикалық даму: өңірлік экономиканы кеңейту, кірістерді өсіру, шағын және орта бизнесті дамыту;
- адами капиталды дамыту: мамандарды тарту және дамыту, оларды жаңа технологиялық өндірістерге тарту;
- экономиканы әртараптандыру: жекелеген секторларға тәуелділікті азайту және өсу үшін жаңа мүмкіндіктер жасау.

**GRI 3-3
GRI 203-1
GRI 203-2**

2024 жылы Қордың Директорлар кеңесі жалпы сомасы 33,3 трлн теңгеден асатын 46 ірі инвестициялық жобаның тізбесін бекітіп, олардың едәуір бөлігі мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде бастама көтерді. Оларды іске асыру экономиканың түрлі салалары үшін маңызды рөл атқарады. Жобалардың әрқайсысы өңірлердің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал етеді, сондай-ақ экономиканың басым секторларына шетелдік инвестицияларды тарту үшін қолайлы орта қалыптастырады.

Біз инвестициялық жобаларды өз қаражатымыздың есебінен, сондай-ақ инвесторлардың қаражатын тарту және қарыздық қаржыландыру арқылы қаржыландыруды жүзеге асыруды жоспарлап отырмыз. Алдын ала бағалау бойынша тікелей шетелдік инвестициялардың көлемі (халықаралық қаржы институттары тарапынан қарыз қаржыландыруды қоса алғанда) 13 трлн теңгеден асады. Жобаларды іске асыру аясында 53 мың жаңа жұмыс орнын ашу жоспарлануда.



Қор Туралы

Тұрақты даму және
esg саласындағы
стратегиялық тәсіл

● **Қордың елдің әл-
ауқатына қосқан үлесі**

Біз қалай жұмыс
істейміз


Біздің адамдар

Таза қоршаған ортаға
инвестиция саламыз

Корпоративтік
басқару


Қосымшалар

Қордың ірі инвестициялық жобаларының портфелі




10

Дәстүрлі
генерация



9

ЖЭК




7

Мұнай-газ өңдеу




7

Көлік, коммуникация



3

Энергетикалық
инфрақұрылым



3

Газ тасымалдау
инфрақұрылымы



2

Мұнай-газ химиясы



5

Өзгелері



ҚОРДЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРЫНЫҢ ТҮЙІНДІ БАҒЫТТАРЫ

GRI 3-3 Біз экономиканың түрлі секторларында инвестициялық жобаларды іске асырудамыз, халықты экономиканың тұрақты дамуы үшін маңызды негізгі қызметтермен және инфрақұрылыммен қамтамасыз етеміз. Біздің жобаларымыз халықтың газ бен суға қолжетімділігін арттырады, әлеуметтік инфрақұрылымды жақсартады, сондай-ақ өмір сүру мен жұмыс істеу үшін қолайлы орта құруға ықпал етеді, шағын және орта бизнесті дамытуға жағдай жасайды.

Біз қоғам мен өнеркәсіптің өсіп келе жатқан қажеттіліктерін ескере отырып, энергетика мен телекоммуникацияны, көлік желілерін қамтитын инфрақұрылымдық жобаларды дамытуға ерекше назар аударамыз. Біздің тәсіліміз ұзақ мерзімді дамуды қамтамасыз ететін тұрақты және тиімді шешімдерді енгізуге бағытталған.



ӘЛЕУМЕТТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ САЛУ

Әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту – Қордың инвестициялық қызметінің негізгі бағыттарының бірі. Біз өмір сүруге, ең алдымен, өскелең ұрпаққа қолайлы орта құруға ұмтыламыз.

Біз оқушыларға қолайлы жағдай жасауға бағытталған «Жайлы мектептер» ұлттық жобасын жүзеге асыруды жалғастырудамыз. Жоба кіші және жоғары сыныптарға арналған оқу блоктарын бөлуді, кабинеттерді заманауи жабдықтармен жарақтандыруды, сондай-ақ жайлы және қорғалған білім беру ортасын қамтамасыз ететін күшейтілген қауіпсіздік шараларын енгізуді көздейді.

2024 жылдың соңындағы
жағдай бойынша еліміздің
3 мегаполисінде және
16 облысында

104

мектептің құрылысы
аяқталды

2024 жылы жобаны іске асырудың ашықтығы мен тиімділігін арттыру үшін «e-Qurylys» порталына интеграциямен «Битрикс» жобалық басқарудың ақпараттық жүйесі енгізілді. Бұл құрылыс барысын тәулік бойы бақылауға мүмкіндік береді, сол арқылы процестің ашықтығын қамтамасыз етеді.

GRI 2-29 Қасбеттердің, дизайнның сәулеттік шешімдерін, сондай-ақ мектептердің көлемдік-жоспарлау шешімдерін әзірлеу кезінде қалың жұртшылықпен ашық талқылау жүргізіледі. Жобалау-сметалық құжаттамада киім ауыстыру және жеке заттарды сақтау аймақтарын кеңейту, оқушылардың оқу сыныптарынан тыс тұруы үшін қолайлы кеңістіктер құру және білім беру ортасының сапасын арттыруға ықпал ететін басқа да маңызды аспектілер бойынша тілектер ескерілді.



ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Біздің инвестициялық жобалар портфелінің едәуір бөлігін мемлекеттің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған жобалар алады. Біздің энергетика саласындағы инвестициялық жобаларымыз Ақтөбе, Атырау, Түркістан, Жамбыл облыстары мен Астанада жүзеге асырылуда.

Есепті кезеңде Алматы ЖЭО-2 газға көшіру жұмыстары жалғасты, бұл Алматыдағы ауаның ластануын азайтуға ықпал етеді.


Сондай-ақ, Екібастұз қаласының №1 энергоблогы қалпына келтірілді. Жоба шеңберінде энергия тиімділігі мен ластаушы заттардың шығарындылары бойынша жақсартылған көрсеткіштері бар қуаты 540 МВт жаңғыртылған энергия блогы орнатылды, бұл қоршаған ортаға әсерді азайтуға ықпал ететін болады.

№3 және №4 станциялардың блоктарын орната отырып, Екібастұз ГРЭС-2 кеңейту және қайта жаңарту жөніндегі жобаны іске асыру жалғасуда. Бұл шаралар елдің энергетикалық қауіпсіздігін едәуір нығайтады.

Энергия тапшылығы проблемасын шешу, оңтүстік аймақтың шамадан тыс жүктемесі сағаттарында энергия тұтыну шығын тегістеу үшін, сондай-ақ ЖЭК-ті ұлттық энергетикалық жүйеге интеграциялау үшін жағдай жасау мақсатында біз Түркістан облысында қуаты 1 000 МВт дейінгі ПМК базасында электр станциясын салу жобасы бойынша жұмысты жалғастырудамыз. Бұдан басқа, электрмен жабдықтаудың сенімділігін күшейту мақсатында Батыс Қазақстанның энергия жүйесін Қазақстанның Бірыңғай электр энергетикалық жүйесімен біріктіру бойынша жұмыс жүргізілді.

2025 жылы біз еліміздің өнеркәсібі мен коммуналдық-тұрмыстық секторларының энергиямен жабдықталуының сенімділігін арттыруға, төмен көміртекті даму стратегиясын қамтамасыз етуге, ЖЭК қолдау, дамыту және интеграциялауға, Қазақстанның экспорттық әлеуетін, энергия қауіпсіздігі мен энергияға тәуелділігін арттыруға бағытталған жобаларды іске асыруды жалғастырамыз.






ЖАҢАРТЫЛАТЫН ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІН ДАМУ

Біздің төмен көміртекті даму тұжырымдамасында бекітілген парниктік газдар шығарындыларын азайту бойынша міндеттемелерді орындау шеңберінде жаңартылатын энергия көздерін енгізу және дәстүрлі көмір электр станцияларын газға кезең-кезеңімен көшіру жөніндегі жобалар ерекше стратегиялық маңызға ие болады. Бұл экологиялық жүктемені төмендетуге және энергетикалық тиімділікті арттыруға ықпал етеді.

Серіктестермен бірге біз 2030 жылға дейін 6,3 ГВт жаңартылатын энергия көздерін пайдалануға енгізуді жоспарлап отырмыз. Аталған жобаларды іске асыру ұқсас бастамаларды жүзеге асыруда кең тәжірибесі бар жетекші әлемдік компаниялармен серіктестікте жоспарлануда: Total Eren, Masdar, China Power International Holding Ltd, Power China және т.б.

ЖЭК құрылысының жобалары бойынша Қазақстан мен ҚХР арасында China Power Investment Holding және China Energy-мен бірлесіп үкіметаралық келісімдерге қол қойылды. Сондай-ақ, Семей СЭС салу жобасы бойынша жұмыс жүргізілді.

2024 жылы халықаралық серіктестермен бірлесіп Жамбыл облысында жел генераторларының компоненттерін шығаратын зауыттың құрылысы басталды. Жоба Қазақстанда салынатын ЖЭС жел компоненттерімен қамтамасыз етіледі деп жоспарлануда.



ӨНІМДІ ЖАҢА ҚАЙТА БӨЛУ

Біз жүзеге асыратын жобалар экономиканың түрлі салаларында жаңа мүмкіндіктер ашып, заманауи жұмыс орындарын ашады. Атап айтқанда, мұнай-газ және мұнай-газ химиясы саласын дамытудың мультипликативтік әсері бар және аралас салаларды дамытуға итермелеуі мүмкін. Мәселен, 2022 жылдың соңында іске қосылған «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» зауыты ішкі нарықта 2023 жылы полипропиленге деген сұранысты қанағаттандырып қана қоймай, құрылыс және медицина салалары, автомобиль жасау, тамақ өнеркәсібі үшін полипропиленнен бұйымдар шығаруға маманданған шағын және орта бизнестің дамуына серпін берді.

Қазіргі таңда біз өнімнің қайта бөлінуін арттыруға бағытталған 7 жобаны жүзеге асырудамыз. Біз газ өңдеу зауыттарын, газсепарация кешенін және полиэтилен өндіретін зауытты салу бойынша жұмыстарды жобалаудамыз. Полиэтилен өндірісі бойынша жобаны іске асыру елімізге озық шетелдік технологияларды тартуға мүмкіндік береді, ал жоба өнімінің өзі полимерлік өнімнің 50-ден астам түрі үшін шикізатқа айналады.





Атырау облысында бірінші интеграцияланған газ-химия кешенін салу. Екінші фаза

(Полиэтилен өндірісі)

Жоба «Қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған тұрақты экономикалық өсім» Ұлттық жобасы аясында жүзеге асырылуда және мұнай-газ-химия секторындағы ұзақ мерзімді стратегиялық мақсаттарға жауап береді. Негізгі бағыттар қосылған құн тізбегінің тиімділігін арттыруды, бизнесті әртараптандыруды және көмірсутек шикізатынан өндірілетін өнімдер портфелін кеңейтуді қамтиды.

Жоба 2023-2029 жылдарға арналған ҚР отын-энергетика кешенін дамыту тұжырымдамасының 5-бағыты бойынша (Мұнай-газ-химия өнеркәсібі) 8-реформа (Ел экономикасының шикізаттық бағыттылығынан жоғары қосылған құны бар өнімдерді шығаруға көшу) шеңберінде, сондай-ақ 2023–2027 жылдарға арналған ірі мұнай-газ және мұнай-газ химия жобаларын дамыту жөніндегі кешенді жоспар шеңберінде іске асырылуда.

Қазақстанда мұнай-газ химиясы секторында мұндай жобалар әлі іске асырылмаған. Өз ауқымы бойынша болашақ зауыттың қуаты әлемдегі полиэтилен өндірісінің барлық қуаттылығының 1%-ын құрайды (2022 жылы полиэтилен өндірісінің жаһандық қуаты 134 млн тоннаны құрады).

Америкалық CPChem және Univation технологияларын (CPChem компаниясының MARTech ADL® және Univation компаниясының Unipol® лицензияланған технологиялары бойынша тығыздығы жоғары HDPE полиэтиленін және тығыздығы төмен LLDPE полиэтиленін) пайдалана отырып, неғұрлым көп сұранысқа ие 10 полиэтилен маркасын шығару болжанып отыр. Бұл ретте өнімнің 40% премиум санатына жатқызылатын болады.

Полиэтилен халық шаруашылығында пайдаланылатын газға арналған құбырлар, ыстық және суық сұйықтықтар, барлық маркалы үлдірлер (тамақ, буып-түю, пакеттер және т.б.), үлкен және кіші көлемдегі түрлі сыйымдылықтар, тұғырлар, жәшіктер және т.б. өнімдердің кең спектрін өндіру үшін база болып табылады.

Дайын өнімді ішкі нарыққа да, экспортқа да жеткізу жоспарлануда. Мақсатты экспорттық нарықтарға ТМД елдері, Қытай, Түркия және Еуропа елдері кіреді, оларда полиэтилен тұтынудың өсуі, оның ішінде импорт есебінен өсуі күтілуде. Қазақстан Азия мен Еуропаның көлік дәліздерінің қиылысында, тиімді сауда-экономикалық және стратегиялық позицияларға ие.


Техникалық күрделілікті, жоғары капитал сыйымдылығын және басқа да бірқатар факторларды назарға ала отырып, бұл жоба саланың басқа да ірі ойыншыларымен серіктестікте іске асырылады.

Жобаны жүзеге асыру әсері:

- құрылыс/пайдалану кезеңінде жаңа жұмыс орындарын құру: ~ 8 000 адам (орта есеппен)/~ 721 адам + ~ 3 000 адам сабақтас салалар үшін;
- ҚР бюджетіне салынатын салықтар: ~ 4 млрд, АҚШ доллары (пайдалану кезеңінде);
- қазақстандық тараптың пайдасына дивидендтер мен төлемдер: 11,4 млрд.АҚШ доллары;
- жалпы сомасы 8 млрд АҚШ долларынан астам жарғылық капиталға салымдар мен несиелер арқылы шетелдік инвестицияларды тарту;
- Полиэтилен жобасын іске асырудан елдің ЖІӨ-ге жылына қосқан үлесі ~ 1,2% деңгейінде бағаланады;
- экспорттық түсім 2029 жылы ~ 600 млрд теңгені құрап, 2035 жылға қарай 1,2 трлн. теңгеге дейін өседі;
- мультипликативтік әсер (жоба өнімі – одан әрі бөлінетін полимерлік өнімнің 50-ден астам түрі үшін шикізат);
- аралас салалар үшін дамыту және жоғары мультипликативтік әсер (1:7).

Іске асырудың әсері:


- озық технологиялар трансферті;
- қайта өңдеумен жаңа өндіріс;
- Қазақстанның полимер өнімін дамыту үшін базалық мұнай-химия өнімін жасау;
- елдің экспорттық әлеуетін арттыру;
- импортты алмастыру;
- елдің шикізаттық бағыттылықтан өтуі және қосылған құны жоғары өнім алуы.



ТАЗА АУЫЗ СУҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ

Біз таза ауыз суға қолжетімділікті жақсартатын инвестициялық жобаларды іске асыруды жалғастырдық. Бұл бастамалар халықтың өмір сүру сапасын арттырып қана қоймай, өңірлердегі экономикалық даму мен әлеуметтік тұрақтылық үшін қолайлы жағдай жасайды.

Жаңаөзен қаласының тұрғындары мен кәсіпорындарын сумен жабдықтау проблемасын шешу, сондай-ақ Маңғыстау облысының әлеуметтік қамсыздандыру саласына жүктемені азайту үшін біз «Кендірлі» тұщыту зауытын салу жобасын іске асырудамыз. 2025 жылы Жаңаөзен тұрғындарын ауыз суға үздіксіз қолжетімділікпен қамтамасыз ету жоспарланып отыр. Осы мақсатта есеп беру кезеңінде Жаңаөзен қаласына тұщыланған су беру үшін магистральдық су құбырын тарту жұмыстары жүргізілді. Зауыттың қуаттылығы тәулігіне 50 мың текше метрді құрайды. Жобаны іске асыру 1988 жылы пайдалануға берілген «Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық су құбырына жүктемені азайтуға мүмкіндік береді.



ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУ ҮШІН ГАЗДАНДЫРУ

Біздің жұмыстың неғұрлым ауқымды және әлеуметтік маңызды бағыттарының бірі – ел өңірлерін газдандыру. Біз сенімді және үздіксіз газбен жабдықтауды қамтамасыз ете отырып, газ инфрақұрылымын жаңғыртуды және жаңа нысандарды салуды жалғастырамыз. Бұдан басқа, біз қоршаған ортаға әсерді азайтуға ықпал ететін өнеркәсіптік нысандар мен кәсіпкерлік субъектілерін табиғи газға ауыстырамыз.

Қор Қазақстанның 12,7 млн тұрғыны үшін газға қолжетімділікті қамтамасыз ете отырып, 62%-ға жеткен елді газдандыру деңгейін арттыруға үлес қосты.

2024 жылы газ инфрақұрылымын дамыту және саланың тиімділігін арттыру, оның ішінде тарифтік саясат пен газ секторының операциялық моделін жетілдіру бойынша белсенді жұмыс жалғасты.

Атап айтқанда, 2024 жылдың қорытындысы бойынша ұзындығы 62,4 км болатын «Алматы-Байсерке-Талғар» магистральды газ құбырының 2 желісі салынып, пайдалануға берілді. Нәтижесінде 300 елді мекеннің 107 мың тұрғыны газға қол жеткізді.

Сондай-ақ, жалпы ұзындығы 302 км болатын «Талдықорған-Үшарал» магистральдық газ құбырының құрылысы басталды, оның іске қосылуы 2025 жылға жоспарланған.





Қор Туралы

Тұрақты даму және
esg саласындағы
стратегиялық тәсіл

● **Қордың елдің әл-
ауқатына қосқан үлесі**

Біз қалай жұмыс
істейміз

Біздің адамдар

Таза қоршаған ортаға
инвестиция саламыз

Корпоративтік
басқару

Қосымшалар

«Талдықорған-Үшарал» магистральдық газ құбырын салу жобасы Жетісу облысын газбен жабдықтауды жақсартуға және дамытуға ықпал етеді.

«Талдықорған-Үшарал» магистральды газ құбырының құрылысы» инвестициялық жобасын Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «QazaqGaz» ҰК» АҚ жүзеге асыруда. Жоба 2024 жылы Үкіметтің экономикалық өсімді қамтамасыз ету жөніндегі іс-қимыл жоспарына кіреді. Жаңа газ құбырының құрылысы 2024 жылдың тамызында басталды.

Бұл нысанның өңір үшін экономикалық мәні зор:

2025 жылдың соңына қарай Ақсу,
Сарқан, Алакөл аудандарының

66

елді мекені табиғи газға қол
жеткізе алады

124

мың

тұрғын табиғи газға қол жеткізу
мүмкіндігін алады



Жобаны іске асыру нәтижесінде өңірді газдандыру деңгейі 42,4%-ға 90%-ға дейін өседі.

Сонымен қатар, елді мекендерді газдандырудың арқасында өңірде іскерлік белсенділік, шағын және орта бизнесті дамыту артады деп күтілуде, бұл өз кезегінде жаңа жұмыс орындарын ашуды көздейді.

Одан әрі үздіксіз газбен жабдықтау жөніндегі іс-шаралар шеңберінде магистральдық газ құбырлары мен тарату желілерінің ұзақтығын 92 мың км дейін ұлғайту жоспарлануда.

Шымкент қаласы мен Батыс Қазақстан облысында әлеуметтік әлсіз азаматтар үшін газдың қолжетімділігін сақтау мақсатында біз «Әлеуметтік әмиян» пилоттық жобасын іске асырдық. Ол мемлекеттік көмек алушыларға газға жеңілдіктер беруді көздейді. «Әлеуметтік әмиянның» eGov дерекқорымен интеграциясының арқасында жүйе мұқтаж азаматтарды автоматты түрде анықтап, оларға газға жеңілдіктің қолжетімділігі туралы хабарлама жібереді. Бүгінгі таңда 8,5 мыңнан астам отбасы берілген жеңілдікті пайдаланды. Аталған тетікті Қазақстанның барлық өңірлеріне масштабтау жоспарлануда. «Әлеуметтік әмиян» арқылы газға жеңілдіктер берудің әсері халыққа жылына 1 млрд теңге үнемдеуге мүмкіндік береді, сондай-ақ ішкі нарықта нарықтық баға белгілеуді кезең-кезеңмен енгізудің маңызды қадамы болмақ.

Біз цифрландыруға баса назар аудара отырып, газбен жабдықтау жүйесіне заманауи технологиялық шешімдерді белсенді енгізудеміз. Мысалы, «ақылды» есептегіштерді орнату арқылы тарату желілері мен абоненттік базаны цифрландыруды жүргіземіз, бұл газ тұтынуды нақты есепке алуды қамтамасыз етеді және деректерді жинаудың ашықтығын арттырады.



АШЫҚ КӨЛІК ДӘЛІЗДЕРІ ЖӘНЕ ЛОГИСТИКА

Біз «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ көмегімен қалалар арасындағы байланысты қамтамасыз етуде басты рөл атқарамыз, әсіресе басқа көлік түрлері қол жетімсіз немесе шектелуі мүмкін еліміздің шалғай өңірлерінде азаматтар үшін сенімді және қолжетімді көлік қызметтерін қамтамасыз етеміз. Еліміздегі 138 теміржол бағыты мен 21,1 мың шақырым теміржол желісінің, сондай-ақ қолжетімді жол жүру тарифтерінің арқасында біз халыққа қалалар мен елді мекендер арасында қауіпсіз және жайлы орын ауыстыру мүмкіндігін қамтамасыз етеміз.

Темір жолдардың ұзындығы бойынша Қазақстан ТМД және Балтық елдері арасында ені 1 520 мм жол қалыбымен 3-ші орында.

2024 жылы пайдалану жүк айналымы 272,1 млрд тонна-км рекордтық көлемге жетті (2023 жылы – 262 млрд т-км).

Бірқатар ірі инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру бойынша жұмыстар жүргізілуде:

- «Достық-Мойынты» желісінде екінші жол салу (836 км), бұл маршруттың өткізу қабілетін 5 есеге – 12 пойыздың орнына 60 жұп пойызға дейін ұлғайтады;
- Алматы теміржол торабындағы жүктемені 40%-ға азайтып, жүкті 24 сағатқа дейін жеткізуді жеделдететін «Алматыны айналып өтетін теміржол желісі» жобасы.

Екі жобаны да 2025 жылы аяқтау жоспарланған.


Біздің жолаушыларымыз 2024 жылы 13 796 мың адам болды (2023 жылы – 13 681 мың жолаушы).

GRI 203-2 Есепті кезеңде «Әйелдер вагоны» вагондарының қатынау географиясы кеңейтілді. Мұндай вагондар 11 бағытта жұмыс істейді. 2024 жылы мұндай вагондарда шамамен 242 мың әйел (2023 жылы – Қазақстанның 161 мың жолаушысы) жүрді. Жолаушылардың жайлы сапары үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған, ал жол бойында оларды жолсерік әйелдер сүйемелдейді.

Біздің алдымызда транзиттік әлеуетті нығайту және Еуразияның көлік қаңқасын құру жөніндегі өршіл міндеттер тұр. 2030 жылға дейін 5 мың шақырым теміржол желісін салу және жаңғырту және 11 мың шақырым теміржол желісін жөндеу міндеті тұр.

2025–2026 жылдары 366 км жаңа теміржол құрылысын, 2 267 км автобұғаттауды және 697 км қолданыстағы жолдарды жаңғыртуды бастау жоспарлануда. Сондай-ақ, Алматы қаласын айналып өтетін теміржол желісін аяқтау жоспарлануда, ал Ақтау портының базасында контейнерлік хаб құрылады.

2024 жылдың ақпан айында Сиандағы көлік-логистикалық терминал өз жұмысын бастады, ол Қазақстаннан экспорттаушылар үшін жаңа өткізу нарықтарына қолжетімділікті ашты.



ҚҰРЫЛЫС ЭКОНОМИКА МЕН ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫНЫҢ ІРГЕТАСЫ РЕТІНДЕ

Біз Қазақстанның құрылыс саласын дамытуға жәрдемдесеміз. «Samruk-Kazyna Construction» АҚ халықтың түрлі санаттары үшін тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыруға ықпал етеді. Компанияның жұмысы келесіге бағытталған:

- жаңа тұрғын үй объектілерін іске қосу арқылы халыққа тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыруға;
- ескі және авариялық тұрғын үйлерді қалпына келтіру бағдарламасын іске асыру арқылы тұрғындардың тұруына қолайлы және қолайлы жағдайлар жасауға;
- қалалардың сәулеттік келбетін жаңартуға;
- тұрғын үй құрылысы және аумақтық даму саласындағы инвестициялық ахуалды жақсартуға.

2024 жылы «Жайлы мектеп» пилоттық ұлттық жобасын іске асыруға басымдық берілді. Бұл туралы «Әлеуметтік инфрақұрылым құрылысы» кіші бөлімінде толығырақ оқыңыз.



ӘЛЕУМЕТТІК ПРОГРЕСС ҮШІН ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯНЫ ДАМУ

Қазіргі заманғы телекоммуникациялық қызметтермен қамтамасыз ету біздің «Қазақтелеком» АҚ портфельдік компаниясы арқылы жүзеге асырылады. Компанияның ауқымды инфрақұрылымы елдің бүкіл аумағы бойынша тіркелген байланыспен қамтамасыз ете отырып, 91 мың километрден астам талшықты-оптикалық байланыс желілерін және 14 мыңнан астам базалық станцияларды қамтиды.

Соңғы 20 жылда біз Қазақстандағы ең заманауи, технологиялық жағынан озық және ауқымды ұялы байланыс желілерінің бірін салдық.

2024 жылы 5G желісін өрістету бойынша стратегиялық маңызы бар жобаны іске асыру жалғастырылды, 2024 жылдың аяғында еліміз бойынша 3 000 базалық станция өрістетілді.



Қазақстан Республикасында бесінші буын (5G/IMT) ұялы байланысын енгізу және дамыту

«Кселл» АҚ мен «Мобайл-Телеком Сервис» ЖШС құрамындағы консорциум 2022 жылғы желтоқсанда өткізілген 5G үшін 3,6–3,8 ГГц жиілік ауқымын сату бойынша аукционның жеңімпазы атанды. Компаниялар 5G жиілігіне 156,1 млрд теңге инвестициялады, бұл оларға трафикке сұраныстың өсуін басқару және монеталандыру үшін өздерінің жиілік активтерінің базаларын едәуір жақсартуға мүмкіндік берді.

Қазіргі уақытта «Кселл» АҚ мен «Мобайл-Телеком Сервис» ЖШС 5G желі жабыны мен сайттарын іске қосу бойынша белсенді жұмыс жүргізуде, өнімдерді 5G-ге арнап одан әрі монеталандыру үшін 5G қызметтерін ілгерілету бағдарламасын іске асыруда.

Инвестициялар көлемі: 2024 жылға – 32,6 млрд теңге. (2023 жылы – 108 млрд теңге).

5G артықшылықтары:

- Өндірушілер үшін шығындарды төмендету – процестерді автоматтандыруға, тиімділікті арттыруға және шығындарды төмендетуге мүмкіндік береді;
- Нарықтарға қол жеткізу және бизнес үшін мүмкіндіктерді кеңейту – онлайн-сауда және цифрлық платформалар, қаржылық және бұлтты технологияларды дамыту;
- Көлікті және логистиканы цифрландыру - автономды автомобильдер, жүк тасымалдауды оңтайландыру, апаттылықты төмендету;
- Өмір сүру сапасын арттыру – халықтың денсаулығын, қауіпсіздігі мен жайлылығын жақсарту (телемедицина, ақылды қалалар, шалғай аудандардағы жылдам интернет);
- Адами капиталды дамыту – кадрлардың біліктілігін арттыру, цифрлық білім беруді енгізу, жаңа құзыреттерді қалыптастыру, жұмыспен қамтудың икемді нысандарын дамыту және қашықтан жұмыс істеу мүмкіндігін кеңейту есебінен еңбек өнімділігін арттыру.

5G енгізу жедел цифрландыруға ықпал етеді, өмір сүру сапасын жақсартады, бизнесті дамытады және өңірлерді бәсекеге барынша қабілетті етеді. Сонымен қатар, 5G толыққанды енгізу инфрақұрылымды одан әрі дамытуды және инвестициялар тартуды талап етеді.

Бұдан басқа, 2024 жылы бірқатар өңірлерде білім беру мекемелерінде бұлтты бейнебақылау бойынша жобалар іске асырылды. Аталған жобалардың негізгі мақсаты бұлтты бейнебақылау платформасына қол жеткізу арқылы оқу орындарындағы қоғамдық қауіпсіздік пен құқықтық тәртіп деңгейін арттыру болып табылады.

Іске асырудың әсері:²³

ЖІӨ-ге бағалаулы
салым 2024 жылы

29

млрд теңгені құрады
(2023 жылы – 6 млрд теңге)

5,7

млрд теңгені құрады
(2023 жылы жергілікті қамту –
81,7 млрд теңге оның 78 млрд
теңгесі – жиілік төлемі)

ШОБ және отандық
жеткізушілерді қолдау:


23

жеткізуші
тапсырыс алды

(2023 жылы – 7,1 млрд теңге сомасына 12 өнім беруші)

6,7

млрд теңгеге



²³ «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-нің қатарлық инвесторға берілуіне байланысты төменде «Кселл» АҚ бойынша деректер көрсетілген.



Қор Туралы

Тұрақты даму және
esg саласындағы
стратегиялық тәсіл

● **Қордың елдің әл-
ауқатына қосқан үлесі**

Біз қалай жұмыс
істейміз

Біздің адамдар

Таза қоршаған ортаға
инвестиция саламыз


Корпоративтік
басқару

Қосымшалар

Есепті кезеңде Транскаспий талшықты-оптикалық байланыс желісінің (ТОБЖ) жобасын іске асыру жалғастырылды²⁴.

Қазақстан-Әзербайжан бағыты бойынша бұл жоба Еуропа мен Азия арасында цифрлық дәліз құрып, Қазақстанға келесі мүмкіндіктерді береді:

- деректерді берудің бар маршруттарын резервтеу мүмкіндігі;
- жаңа халықаралық нарықтарға шығу;
- ел аумағында халықаралық цифрлық хаб құру;
- байланыс арналарының өткізу қабілетін арттыру және интернет қызметтерінің сапасын арттыру.



ӘЛЕУМЕТТІК ӘЛ-АУҚАТ ҮШІН ПОШТА ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ

«Қазпошта» АҚ портфельдік компаниясы Қазақстанның ұлттық пошта қызметтерінің операторы және аудандар мен ауылдық елді мекендерді (шамамен 3 000 пошта бөлімшесі) қоса алғанда, бүкіл аумақты қамтитын елдегі ірі филиал желісіне ие. «Қазпошта» АҚ халыққа кең ауқымды қызмет көрсетеді.

Көрсетілетін қызметтер бағыттары және 2024 нәтижелер

Пошта
қызметтері:
хаттар мен
сәлемдемелерді
жеткізу,
курьерлік пошта,
пошталық ақша
аударымдары,
мерзімді
баспасөз
басылымдарын
тарату




Күн сайын 300 000-нан астам сәлемдемелер мен хаттар өңделеді.

2024 жылы 7,8 млн-нан астам сәлемдемелер өңделді, бұл өткен жылмен салыстырғанда 117%-ға артық.

Өзіне-өзі қызмет көрсету терминалдарының желісі кеңейтілді.

Қаржылық
қызметтер:
төлемдерді
қабылдау,
есеп айырысу-
кассалық
қызмет көрсету,
зейнетақы мен
жәрдемақы
төлеу, валюта
айырбастау
операциялары,
депозиттер,
аударымдар,
карталар шығару.



«Қазпошта» АҚ шалғайдағы және ауылдық өңірлердегі қаржылық және пошта қызметтеріне қолжетімділікті қамтамасыз етіп, халықтың қаржылық және пошта қызметтеріне қолжетімділігін арттыруға ықпал етеді. 2024 жылы мемлекеттік қызметтер 200 ауылдық елді мекенде қолжетімді болып, 900 мыңнан астам адамды қамтыды.

Ай сайын 698 мың зейнетақы мен жәрдемақы алушы. Бұл ретте 100,5 мың қазақстандыққа – оның ішінде 1–2 топтағы мүгедектерге, ҰОС қатысушылары мен мүгедектеріне, 80 жастан асқан азаматтарға - «Қазпошта» АҚ зейнетақылар мен жәрдемақыларды үйлеріне жеткізеді.

Депозиттік портфель 233 млрд теңгені құрады (2023 жылмен салыстырғанда 10 есе өсім). Заңды тұлғалар үшін шоттарды басқаруды айтарлықтай жеңілдететін интернет-банкінг енгізілді.



40

саласындағы есеп 2024

²⁴ Жоба «CASPINET B.V.» бірлескен кәсіпорнымен бірлесіп жүзеге асырылуда (50% – «Қазақтелеком» АҚ, 50% – «Azertelecom Int» ЖШС).



Қор Туралы

Тұрақты даму және
esg саласындағы
стратегиялық тәсіл

● **Қордың елдің әл-
ауқатына қосқан үлесі**

Біз қалай жұмыс
істейміз

Біздің адамдар

Таза қоршаған ортаға
инвестиция саламыз

Корпоративтік
басқару

Қосымшалар

Логистикалық инфрақұрылым мен пошта сервистерін дамыту «Қазпошта» АҚ қызметінің негізгі бағыты болып қала беруде. 2024 жылы Алматы, Астана және Ақтөбе қалаларында үш жаңа логистикалық орталық пайдалануға берілді, бұл жөнелтілімдерді өңдеу мен бөлуді жеделдетуге мүмкіндік берді. Автоматтандырылған сұрыптау жүйесін енгізудің арқасында жөнелтілімдерді өңдеу уақыты 30%-ға қысқартылды.

Өзіне-өзі қызмет көрсету терминалдарының желісі белсенді түрде кеңейтілуде. Нәтижесінде клиенттер үшін жеткізілімді ыңғайлырақ еткен 500 жаңа OMNİC жөнелту терминалдары орнатылды.

Сәлемдемелерді қадағалау, қызметтерге ақы төлеу және қаржылық операциялар қызметтерін біріктіретін QazPost Super App сандық экожүйесі енгізілді. Жаңа сервистердің артықшылықтары бір қосымшада пошталық, қаржылық және мемлекеттік қызметтерге қолайлы және тез қол жеткізуді қамтамасыз етуді (шоттарды төлеу, аударымдар, зейнетақы мен жәрдемақы алу және т.б.) қамтиды; бөлімшелер алысқа орналасуы немесе шектеулі кестемен жұмыс істеуі мүмкін ауылдық немесе шалғай өңірлер үшін физикалық және географиялық қашықтықты қысқарту.

Есеп беру кезеңінде Omniva (Эстония Поштасы), Ozon, Wildberries және YTO Express сияқты әлемдік ірі пошта және логистикалық компаниялармен ынтымақтастық орнатылды, бұл жөнелту көлемін айтарлықтай ұлғайтуға және тауарлар транзитінің жағдайын жақсартуға мүмкіндік берді.

Pinduoduo, AliExpress және Alibaba.com тікелей жеткізілімдерінің арқасында халықаралық жеткізілім клиенттер үшін бұдан да жылдам әрі ыңғайлы болды.

2025 жылы біздің алдымызда логистика мен цифрлық сервистер инфрақұрылымын кеңейту, электрондық коммерция және қаржылық қызметтер саласында жаңа шешімдер енгізу, сондай-ақ бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін халықаралық ынтымақтастықты тереңдету сияқты үлкен міндеттер тұр.



АЗАМАТТАРДЫҢ БАРЛЫҚ САНАТТАРЫ ҮШІН ҚОЛЖЕТІМДІ ӘУЕ ҚАТЫНАСЫ

Қордың құрылымына кіретін авиатасымалдаушы «QAZAQ AIR» АҚ Қазақстан Республикасында субсидияланатын әлеуметтік маңызы бар авиатасымалдарға қызмет көрсетуді жүзеге асырады.

GRI 203-2 2024 жылы «QAZAQ AIR» АҚ өңірлік маршруттық желісі мемлекет субсидиялайтын сұранысқа ие, әлеуметтік маңызды маршруттармен²⁵, толықтырылды: Астана-Петропавл; Алматы-Көкшетау; Жезқазған-Өскемен; Жезқазған-Шымкент; Ақтөбе-Түркістан; Қостанай-Түркістан.

²⁵ Субсидияланатын әлеуметтік маңызы бар маршруттар – халықтың көліктік қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін маңызды болып есептелетін, бірақ бұл ретте тасымалдаушы үшін тиімсіз болуы мүмкін (толымдылықтың, қашықтықтың және басқа да факторлардың төмендігінен) авиарейстер.

GRI 203-2 Авиакомпания ауыр науқас балаларға, мүгедек балаларға және оларды ертіп жүрушілерге жеңілдіктер береді. Сондай-ақ, 16–22 жас аралығындағы, сондай-ақ 60 жастан асқан жолаушылар үшін арнайы жеңілдікті тариф қарастырылған.

2024 жылы 5 «QAZAQ AIR» АҚ әуе кемелерімен 600 мың жолаушы тасымалданды, бұл компанияның операциялық қызметі басталған сәттен бастап 2015 жылы рекордтық мән болып табылады.

Әуе компаниясы бірқатар ішкі бағыттар бойынша, сондай-ақ Омбы, Новосибирск және Екатеринбургке халықаралық шекара маңындағы рейстерде рейстерді орындау жиілігін ұлғайта отырып, өңіраралық тасымалдаушы мәртебесін нығайтты.

